

"Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 111 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 14 шілдедегі № 405 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 895 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 27.12.2018 № 895 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 111 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 26, 363-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары";

1, 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 25) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарына жалпы орта (орта жалпы), техникалық

және кәсіптік (бастауыш немесе орта кәсіптік, орта білімнен кейінгі), жоғары (жоғары кәсіптік) білімі бар адамдар қабылданады.";

3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Әскери, арнаулы оқу орындарын қоспағанда, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдарға, егер олар осы деңгейде бірінші рет білім алатын болса, мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқық беріледі.";

мынадай мазмұндағы 5-1, 5-2, 5-3-тармақтармен толықтырылсын:

"5-1. Осы Үлгілік қағидалардың 37-тармағында белгіленген шекті балды алмаған ҰБТ қатысушылары, нәтижелері жойылған қатысушылар және ҰБТ-ға қатыспаған адамдар үшін, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 28-бабының 9-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын жағдайларды қоспағанда, жоғары оқу орнына ақылы негізде қабылдау үшін ҰБТ қайта өткізіледі.

5-2. Осы Үлгілік қағидалардың 37-тармағында белгіленген шекті балды алмаған кешенді тестілеудің қатысушылары, нәтижелері жойылған қатысушылар және кешенді тестілеуге қатыспаған адамдар үшін "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 28-бабының 9-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын жағдайларда жоғары оқу орнына ақылы негізде қабылдау үшін кешенді тестілеу қайта өткізіледі.

5-3. Жоғары оқу орындары осы Үлгілік қағидалардың 5-1 және 5-2-тармақтарында көзделген ҰБТ немесе кешенді тестілеу нәтижелері бойынша осы Үлгілік қағидалардың 37-тармағында белгіленген шекті балды алмаған адамдарды ақылы негізде қабылдауы мүмкін.

Бұл адамдар үшін жоғары оқу орнында білім алудың бірінші академиялық кезеңі аяқталғаннан кейін ҰБТ немесе кешенді тестілеу өткізіледі. Осы Үлгілік қағидалардың 37-тармағында белгіленген шекті балды алмаған адамдар осы ҰБТ немесе кешенді тестілеудің қорытындылары бойынша жоғары оқу орнынан шығарылуға тиіс.";

8-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Ауыл жастары арасынан шыққан азаматтар үшін Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына қабылдау квотасы белгіленген жоғары білім мамандықтарының тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.";

9, 10-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Мемлекеттік құпиялармен жұмыс істеуді талап ететін жоғары білім берудің жекелеген мамандықтары бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы

бойынша оқуға қабылдау Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасына сәйкес ұлттық қауіпсіздік органдарының рұқсаты бар оқу орындарында жүзеге асырылады.

10. Педагогикалық мамандықтарға, арнаулы немесе шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтарға оқуға қабылдау арнаулы немесе шығармашылық емтихандар нәтижелерін ескере отырып жүзеге асырылады. Мамандықтар тізбесі және арнаулы немесе шығармашылық емтихандарды өткізу тәртібі осы Үлгілік қағидалардың 1.1-бөлімінде белгіленеді.";

11, 12-тармақтар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-бөліммен толықтырылсын:

"1-1. Мамандықтар тізбесі және арнаулы немесе шығармашылық емтихандарды өткізу тәртібі

12-1. Шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтарға түсуші талапкерлер өздері таңдаған жоғары оқу орындарының қабылдау комиссиялары өткізетін шығармашылық емтихандар тапсырады.

Шығармашылық мамандықтарға түсетін талапкерлер үшін тестілеудің мынадай екі пәні бойынша балдар ескеріледі: мемлекеттік немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы.

Педагогикалық мамандықтарға түсуші талапкерлер жоғары оқу орындарының қабылдау комиссиялары өткізетін арнаулы емтихан тапсырады.

12-2. Педагогикалық мамандықтарға түсу кезіндегі арнаулы емтихан талапкерлердің педагогикалық қызметке бейімділігін айқындауға бағытталған.

12-3. Шығармашылық емтихандар талапкерлердің бойында шығармашылық қабілеттердің және шығармашылық бағыттағы кәсіптерді меңгеруге тұлғалық алғышарттардың болуын анықтауға бағытталған.

12-4. Арнаулы немесе шығармашылық емтихан өткізілетін мамандықтар тізбесі осы Үлгілік қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес белгіленеді.

12-5. Педагогикалық мамандықтарға түсуші талапкерлер бір арнаулы емтихан тапсырады.

12-6. Шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтарға түсуші талапкерлер екі шығармашылық емтихан тапсырады.

12-7. Педагогикалық мамандықтарға түсу үшін талапкерлерден өтініштер қабылдау және арнаулы емтихан өткізу жоғары оқу орындарында 20 маусым мен 18 тамыз аралығында жүзеге асырылады.

12-8. Талапкерлерден шығармашылық емтихан тапсыру үшін өтініштер қабылдау өздері таңдаған жоғары оқу орындары орналасқан мекенжай бойынша 20 маусым мен 1 шілде аралығында жүзеге асырылады.

Шығармашылық емтихан 2-7 шілде аралығында өткізіледі.

12-9. Арнаулы және/немесе шығармашылық емтихандарды өткізу нысаны осы Үлгілік қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес белгіленеді.

12-10. Арнаулы және/немесе шығармашылық емтиханды ұйымдастыру және өткізу үшін емтиханды өткізу кезеңіне комиссиялар құрылады. Комиссия жоғары оқу орны ректорының бұйрығымен құрылады, төрағасын қосқанда тақ саннан тұрады. Комиссия шешімі оның құрамының кемінде үштен екісі отырысқа қатысса заңды деп саналады. Комиссия шешімі емтиханға қатысушылар санының көпшілік даусымен қабылданады. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

12-11. Арнаулы және/немесе шығармашылық емтиханның кестесін (емтиханды өткізу нысаны, күні, уақыты және өткізілетін орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және құжаттарды қабылдау басталғаннан кешіктірілмей талапкерлердің назарына жеткізіледі.

12-12. Талапкер арнаулы және/немесе шығармашылық емтихан өткізу аудиториясына жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткенде жіберіледі.

12-13. Арнаулы және/немесе шығармашылық емтихан басталғанға дейін талапкерлерге емтихан материалдары беріледі және титулдық парақтарды ресімдеу тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ арнаулы және/немесе шығармашылық емтиханның басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялаудың және апелляцияға өтініштер қабылдаудың уақыты мен орны көрсетіледі.

12-14. Шығармашылық емтихандар 25 балдық жүйе бойынша, арнаулы емтихан – "өтті"/"өтпеді" деп бағаланады.

12-15. Шығармашылық емтихан бойынша 10-нан төмен балл алған немесе емтиханға келмеген адамдар осы мамандыққа түсу үшін кешенді тестілеуге жіберілмейді.

12-16. Шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары бағалау ведомостарымен, арнаулы емтихан – жіберу ведомосымен, комиссияның еркін нысандағы хаттамасымен ресімделеді және жауапты хатшыға (оның орынбасарына) нәтижелерді жариялау үшін беріледі. Комиссия хаттамасына төраға және комиссияның барлық қатысқан мүшелері қол қояды.

12-17. Арнаулы және/немесе шығармашылық емтиханның нәтижелері емтихан өткен күні жарияланады.

12-18. Талаптарды сақтауды және арнаулы және/немесе шығармашылық емтихандарды бағалау кезіндегі даулы мәселелерді шешуді, емтихан өткізу кезеңінде арнаулы немесе шығармашылық емтиханды тапсырушы адамдардың құқығын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында әрбір жоғары оқу орнында апелляциялық комиссия құрылады. Апелляциялық комиссия жоғары оқу орны ректорының бұйрығымен құрылады. Комиссия құрамы, оның төрағасын қосқанда тақ саннан тұрады.

12-19. Апелляцияға өтінішті апелляциялық комиссия төрағасының атына арнаулы немесе шығармашылық емтиханды тапсырушы адам өзі тапсырады. Өтініш арнаулы немесе шығармашылық емтихан нәтижесі жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13-ке дейін қабылданады және оны апелляциялық комиссия бір күн ішінде қарайды.

12-20. Апелляциялық комиссия шешімі оның құрамының кемінде үштен екісі отырысқа қатысса заңды деп саналады. Арнаулы немесе шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция бойынша шешім қатысушы комиссия мүшелері санының көпшілік даусымен қабылданады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төрағаның және қатысушы комиссия мүшелерінің барлығының қолы қойылған хаттамамен ресімделеді.

12-21. Жоғары оқу орындары меншік нысанына қарамастан күнтізбелік бес күн ішінде білім беру саласындағы уәкілетті органға арнаулы және/немесе шығармашылық емтихандарды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қорытынды есепті, сондай-ақ арнаулы немесе шығармашылық емтихан қорытындылары туралы бұйрықтардың көшірмелерін ұсынады.";

2-бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау тәртібі. Кешенді тестілеу өткізу";

мынадай мазмұндағы 16-1, 16-2-тармақтармен толықтырылсын:

"16-1. Осы Үлгілік қағидалардың 5-1 және 5-2-тармақтарында көзделген ҰБТ-ға немесе кешенді тестілеуге қатысу үшін талапкер жоғары оқу орнының қабылдау комиссиясына белгіленген үлгідегі бланкіде өтінішті, жалпы орта (орта жалпы) немесе техникалық және кәсіптік (бастауыш немесе орта кәсіптік, орта білімнен кейінгі) білімі туралы құжатын (төлнұсқа), тестілеуді өткізу үшін ақы төлегені туралы түбіртекті, 3x4 көлеміндегі екі фотосуретін, 086-У нысанындағы медициналық анықтаманы, жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, сондай-ақ ҰБТ немесе кешенді тестілеу сертификатын (бар болса) тапсырады.

16-2. Осы Үлгілік қағидалардың 5-3-тармағында көзделген ҰБТ-ға немесе кешенді тестілеуге қатысу үшін тиісті адамдар жоғары оқу орнының қабылдау комиссиясына белгіленген үлгідегі бланкіде өтінішті, тестілеуді өткізу үшін ақы төлегені туралы түбіртекті тапсырады.";

17, 18-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Кешенді тестілеуге қатысу үшін өтініштерді қабылдауды 20 маусым мен 9 шілде аралығында, осы Үлгілік қағидалардың 5-1 және 5-2-тармақтарында көзделген ҰБТ-ға немесе кешенді тестілеуге – 1-8 тамыз аралығында, осы Үлгілік қағидалардың 5-3-тармағында көзделген ҰБТ-ға немесе кешенді

тестілеуге – 5-12 қаңтар аралығында жоғары оқу орындарының қабылдау комиссиялары жүргізеді.

18. Осы Үлгілік қағидалардың 5-тармағында көзделген кешенді тестілеу 17-23 шілде аралығында өткізіледі. Осы Үлгілік қағидалардың 5-1 және 5-2-тармақтарында көзделген ҰБТ немесе кешенді тестілеу 19-24 тамыз аралығында өткізіледі. Осы Үлгілік қағидалардың 5-3-тармағында көзделген ҰБТ немесе кешенді тестілеу 20-24 қаңтар аралығында өткізіледі.";

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Кешенді тестілеуге 2 сағат 30 минут бөлінеді.";

22, 23-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Талапкер осы Үлгілік қағидалардың 21-тармағын бұзған жағдайда білім беру саласындағы уәкілетті органның өкілі осы Үлгілік қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тыйым салынған заттардың табылғаны және үміткерді шығару актісін жасайды және тестілеу нәтижелерін жою туралы шешім қабылдайды.

23. Кешенді тестілеуге берілген уақыт аяқталғаннан кейін талапкер емтихан материалдарын тапсырудан бас тартқан жағдайда білім беру саласындағы уәкілетті органның өкілі осы Үлгілік қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша акт жасайды. Бұл ретте аталған адамның емтихан материалдарының нәтижелері өңделмейді.";

35-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"35. Студенттер қатарына қабылдауды жоғары оқу орындарының қабылдау комиссиялары 10-28 тамыз аралығында өткізеді.

Талапкерлер жоғары оқу орнының қабылдау комиссиясына қабылдау туралы өтінішпен бірге жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік (бастауыш немесе орта кәсіптік, орта білімнен кейінгі) немесе жоғары (жоғары кәсіптік) білімі туралы құжатын (төлнұсқа), 3x4 көлеміндегі 6 фотосуретін, 086-У нысанындағы медициналық анықтаманы, ҰБТ немесе кешенді тестілеу сертификатын, сондай-ақ білім беру грантын тағайындау туралы куәлікті (бар болса) қоса береді.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім туралы құжаттары бар, біліктілігін растаған және мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар адамдар мынадай құжаттардың бірін:

1) еңбек кітапшасын;

2) жұмыс берушінің қолы қойылған, ұйымның мөрімен расталған (бар болса) қызметтік тізімді (жұмысшының жұмысы, еңбек қызметі туралы мәліметтер тізбесі);

3) жұмыскердің еңбек қызметі туралы мәліметтерді қамтитын архивтік анықтаманы қоса береді.

Осы Үлгілік қағидалардың 5-3-тармағына сәйкес жоғары оқу орнына қабылдау үшін адамдар жоғары оқу орнының қабылдау комиссиясына қабылдау туралы өтінішпен бірге жалпы орта (орта жалпы) немесе техникалық және кәсіптік (бастауыш немесе орта кәсіптік, орта білімнен кейінгі) білімі туралы құжатын (төлнұсқа), 3x4 көлеміндегі 6 фотосуретін, 086-У нысанындағы медициналық анықтаманы, ҰБТ немесе кешенді тестілеу сертификатын қоса береді.";

37-тармақ мынадай мазмұндағы бөліктермен толықтырылсын:

"Осы Үлгілік қағидалардың 5-3-тармағында көзделген ҰБТ немесе кешенді тестілеу нәтижелері бойынша осы Үлгілік қағидалардың 37-тармағында белгіленген шекті балды алған адамдар жоғары оқу орны басшысының атына ақылы негізде жоғары оқу орнына қабылдау туралы өтініш береді.

Өтінішке қосымша ҰБТ немесе кешенді тестілеу сертификаты мен уәкілетті тұлғаның қолы қойылған және мөрмен бекітілген транскрипт көшірмесі қоса беріледі.";

38-тармақ мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Педагогикалық мамандықтарға қабылдау арнаулы емтиханның нәтижелері ескеріле отырып жүргізіледі.";

көрсетілген Үлгілік қағидаларға 1, 2-қосымшалар осы қаулыға 1, 2-қосымшаларға сәйкес жана редакцияда жазылсын;

көрсетілген Үлгілік қағидалар осы қаулыға 3 және 4-қосымшаларға сәйкес 3 және 4-қосымшалармен толықтырылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2016 жылғы 14 шілдедегі
№ 405 қаулысына
1-қосымша

Жоғары білімнің білім беру
бағдарламаларын іске асыратын білім
беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың
үлгілік қағидаларына
1-қосымша

Нысан

Тыйым салынған заттардың табылғаны және аудиторияда тәртіп сақтау қағидаларын бұзған талапкерді аудиториядан шығару туралы акт

(базалық жоғары оқу орны)

20 ____ ж. " ____ " _____ сағ. _____ мин.

Министрлік өкілі _____

(тегі, аты, әкесінің аты)

Аудитория кезекшісі _____

(тегі, аты, әкесінің аты)

Талапкер: Т.А.Ә. _____

ТЖК _____, аудитория № _____, орын № _____, нұсқа № _____

Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларының 21-тармағының бұзылғандығын дәлелдейтін төмендегі заттар табылды:

— _____

(ұялы телефонның маркасы, саны және қажет болған жағдайда басқа да мәліметтер, мәліметтері бар шпаргалка және т.б.)

Осы фактіні есепке алып қаулы етілді:

- емтихан материалдары алынсын;

- талапкер: Т.А.Ә. _____,

ТЖК _____ № ____ аудиториядан шығарылсын және тестілеу нәтижелері жойылсын.

— _____

(осы актіні жасаған тұлғалардың тегі, аты, әкесінің аты және қолдары)

актімен таныстым: _____

(талапкердің тегі, аты, әкесінің аты, қолы)

актімен таныстым: _____

(базалық жоғары оқу орнының жауапты хатшысының тегі, аты, әкесінің аты, қолы)

М.О.

(базалық жоғары оқу орнының мөрі)

Уақыты: _____

Нысан

Тестілеу уақыты аяқталғаннан кейін талапкердің емтихан материалдарын уақтылы тапсырмау фактісін анықтау актісі

_____ (базалық жоғары оқу орны)

20__ ж. " __ " _____ сағ. _____ мин.

Министрлік өкілі _____

(тегі, аты, әкесінің аты)

аудитория кезекшісі _____

(тегі, аты, әкесінің аты)

Талапкер: Т.А.Ә. _____,

ТЖК _____ № _____ аудитория, № _____ орын, _____ нұсқа

тестілеу уақытының аяқталуына байланысты емтихан материалдарын уақтылы тапсырудан бас тартты бұл Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларының 23-тармағын бұзу болып табылады.

Осы фактіні есепке алып қаулы етілді:

- емтихан материалдары алынсын;

- талапкер: Т.А.Ә. _____,

ТЖК _____

№ _____ аудиториядан шығарылсын және тестілеу нәтижелері жойылсын.

— _____ (осы актіні жасаған тұлғалардың тегі, аты, әкесінің аты және қолдары)

актімен таныстым: _____

— _____ (талапкердің тегі, аты, әкесінің аты, қолы)

актімен таныстым: _____

— _____ (базалық жоғары оқу орнының жауапты хатшысының тегі, аты, әкесінің аты, қолы)

М.О.

(базалық жоғары оқу орнының мөрі)

Уақыты: _____

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2016 жылғы 14 шілдедегі
№ 405 қаулысына
3-қосымша

Жоғары білімнің білім беру
бағдарламаларын іске асыратын білім
беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың
үлгілік қағидаларына
3-қосымша

Арнаулы немесе шығармашылық емтихан өткізілетін мамандықтар тізбесі

Коды	Мамандықтардың атаулары
1	2
Арнаулы емтихан тапсыру талап етілетін мамандықтар	
5B010100	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
5B010200	Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі
5B010300	Педагогика және психология
5B010500	Дефектология
5B010900	Математика
5B011000	Физика
5B011100	Информатика
5B011200	Химия
5B011300	Биология
5B011400	Тарих
5B011500	Құқық және экономика негіздері
5B011600	География
5B011700	Қазақ тілі мен әдебиеті
5B011800	Орыс тілі мен әдебиеті
5B011900	Шетел тілі: екі шетел тілі
5B012000	Кәсіптік оқыту
5B012100	Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті
5B012200	Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті
5B012300	Өлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану
5B012500	Химия-Биология
5B012600	Математика-Физика
5B012700	Математика-Информатика
5B012800	Физика-Информатика
5B012900	География-Тарих
5B013000	Тарих-Дінтану
Шығармашылық емтихандар тапсыру талап етілетін мамандықтар	
Коды	Мамандықтардың атаулары

5B010400	Бастапқы әскери дайындық
5B010600	Музыкалық білім
5B010700	Бейнелеу өнері және сызу
5B010800	Дене шынықтыру және спорт
5B020600	Дінтану
5B021500	Исламтану
5B040100	Музыкатану
5B040200	Аспаптық орындаушылық
5B040300	Вокалдық өнер
5B040400	Дәстүрлі музыка өнері
5B040500	Дирижерлеу
5B040600	Режиссура
5B040700	Актерлік өнер
5B040800	Эстрада өнері
5B040900	Хореография
5B041000	Сценография
5B041100	Композиция
5B041200	Операторлық өнер
5B041300	Кескіндеме
5B041400	Графика
5B041500	Мүсін
5B041600	Өнертану
5B041700	Сән өнері
5B042000	Сәулет
5B042100	Дизайн
5B042200	Баспа ісі
5B042300	Арт-менеджмент
5B050400	Журналистика
5B090600	Мәдени-тынығу жұмысы
5B140100	Орындаушылық өнер
5B140200	Халық аспаптары
5B140300	Ән айту өнері

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2016 жылғы 14 шілдедегі
№ 405 қаулысына
4-қосымша
Жоғары білімнің білім беру
бағдарламаларын іске асыратын білім
беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың
үлгілік қағидаларына
4-қосымша

Арнаулы және/немесе шығармашылық емтихандарды өткізу нысаны

Коды	Мамандықтардың атаулары	Арнаулы және/немесе шығармашылық емтихандарды өткізу нысаны	
1	2	3	
Арнаулы емтихан тапсыру талап етілетін мамандықтар			
5B010100	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	Педагогикалық жағдаятты шешу	
5B010200	Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі	Педагогикалық жағдаятты шешу	
5B010300	Педагогика және психология	Педагогикалық жағдаятты шешу	
5B010500	Дефектология	Педагогикалық жағдаятты шешу	
5B010900	Математика	Педагогикалық жағдаятты шешу	
5B011000	Физика	Педагогикалық жағдаятты шешу	
5B011100	Информатика	Педагогикалық жағдаятты шешу	
5B011200	Химия	Педагогикалық жағдаятты шешу	
5B011300	Биология	Педагогикалық жағдаятты шешу	
5B011400	Тарих	Педагогикалық жағдаятты шешу	
5B011500	Құқық және экономика негіздері	Педагогикалық жағдаятты шешу	
5B011600	География	Педагогикалық жағдаятты шешу	
5B011700	Қазақ тілі мен әдебиеті	Педагогикалық жағдаятты шешу	
5B011800	Орыс тілі мен әдебиеті	Педагогикалық жағдаятты шешу	
5B011900	Шетел тілі: екі шетел тілі	Педагогикалық жағдаятты шешу	
5B012000	Кәсіптік оқыту	Педагогикалық жағдаятты шешу	
5B012100	Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті	Педагогикалық жағдаятты шешу	
5B012200	Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті	Педагогикалық жағдаятты шешу	
5B012300	Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану	Педагогикалық жағдаятты шешу	
5B012500	Химия-Биология	Педагогикалық жағдаятты шешу	
5B012600	Математика-Физика	Педагогикалық жағдаятты шешу	
5B012700	Математика-Информатика	Педагогикалық жағдаятты шешу	
5B012800	Физика-Информатика	Педагогикалық жағдаятты шешу	
5B012900	География-Тарих	Педагогикалық жағдаятты шешу	
5B013000	Тарих-Дінтану	Педагогикалық жағдаятты шешу	
Шығармашылық емтихандар тапсыру талап етілетін мамандықтар			
Коды	Мамандықтардың атаулары	Бірінші шығармашылық емтихан	Екінші шығармашылық емтихан
1	2	3	4

5B010400	Бастапқы әскери дайындық	Спорт түрлері бойынша нормативтер	Спорт ойындары
5B010600	Музыкалық білім	Орындау шеберлігі	Жалпы музыкалық қабілетін көрсету
5B010700	Бейнелеу өнері және сызу	Сурет (адам бетінің гипстен жасалған маскасының суреті)	Кескіндеме (натюрморт)
5B010800	Дене шынықтыру және спорт	Мамандану бойынша нормативтер	Жалпы дене даярлығы бойынша нормативтер
5B020600	Дінтану	Кәсіпке жарамдылығын анықтау үшін әңгімелесу	Дін негіздері бойынша ауызша емтихан
5B021500	Исламтану	Кәсіпке жарамдылығын анықтау үшін әңгімелесу	Ислам негіздері бойынша ауызша емтихан
5B040100	Музыкатану	Музыкалық әдебиет бойынша ауызша естихан. Музыкалық тақырыптарды орындау	Гармония және сольфеджио бойынша ауызша және жазбаша емтихан
5B040200	Аспаптық орындаушылық	Соло бағдарламаны орындау	Гармония және сольфеджио бойынша ауызша және жазбаша емтихан
5B040300	Вокалдық өнер	Соло бағдарламаны орындау	Музыканың бастауыш теориясы бойынша ауызша емтихан. Сольфеджио бойынша диктант
5B040400	Дәстүрлі музыка өнері	Соло бағдарламаны орындау	Гармония және сольфеджио бойынша ауызша және жазбаша емтихан. Гармония және этносольфеджио бойынша ауызша және жазбаша емтихан (домбыра мамандығы бойынша)
5B040500	Дирижерлеу	Дирижерлеу. Естіп талдау. Рояльда ойнау. Коллоквиум	Гармония бойынша ауызша емтихан. Сольфеджио бойынша диктант
5B040600	Режиссура	Жазбаша жұмыс	Режиссура бойынша ауызша емтихан
5B040700	Актерлік өнер	Актер шеберлігі, сахна тілі	Би, вокал (драма театрының әртісі мамандығы бойынша) Коллоквиум
5B040800	Эстрада өнері	Эстрада вокалы. Аспапшылар үшін бағдарлама орындау	Музыка теориясы бойынша ауызша емтихан, сольфеджио
5B040900	Хореография	Орындау шеберлігі	Хореография педагогикасы бойынша ауызша емтихан
5B041000	Сценография	Сурет, кескіндеме	Композиция
5B041100	Композиция	Шағын нысанды жанрдағы шығармалардан көрініс. Музыкалық әдебиет бойынша коллоквиум	Гармония бойынша ауызша емтихан. Сольфеджио бойынша диктант
5B041200	Операторлық өнер	Практикалық жұмыс – павильонда және табиғатта түсіру	Әлем және қазақ киносының (театры) тарихы бойынша ауызша емтихан

5B041300	Кескіндеме	Сурет, кескіндеме	Композиция
5B041400	Графика	Сурет, кескіндеме	Композиция
5B041500	Мүсін	Сурет, мүсін	Композиция
5B041600	Өнертану	Жазбаша жұмыс	Өнертану бойынша ауызша емтихан
5B041700	Сән өнері	Сурет, кескіндеме	Композиция
5B042000	Сәулет	Сурет	Сызу
5B042100	Дизайн	Сурет	Сызу
5B042200	Баспа ісі	Еркін тақырыпқа жазбаша эссе	Мәтінді редакциялау
5B042300	Арт-менеджмент	Реферат және арт-жобаны таныстыру	Коллоквиум
5B050400	Журналистика	Шығарма	Кәсіпке жарамдылығын анықтау үшін әңгімелесу
5B090600	Мәдени-тынығу жұмысы	Орындау шеберлігі	Ұйымдастыру-қойылым жұмысының негіздері
5B140100	Орындаушылық өнер	Соло бағдарламаны орындау	Гармония бойынша ауызша емтихан. Сольфеджио бойынша диктант
5B140200	Халық аспаптары	Соло бағдарламаны орындау	Гармония бойынша ауызша емтихан. Сольфеджио бойынша диктант
5B140300	Өн айту өнері	Соло бағдарламаны орындау	Музыканың бастауыш теориясы бойынша ауызша емтихан. Сольфеджио бойынша диктант

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК